**Қоғамдық тыңдаулар хаттамасы**

**Жетібай Ауылы** **2026 жылғы 12 қаңтар уақыты сағат 11:00**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының жергілікті атқарушы органының атауы: **Жетібай ауылы әкімінің аппараты (Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы)**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **«ARK Petroleum» ЖШС 2026 жылға арналған «Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың РЕШН жобасы», «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы», «Қалдықтарды басқару бағдарламасы», «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары»**
*(қаралатын жобалау құжаттардың толық, нақты атауы)*

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың) немесе тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің (ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) әкімі аппаратының атауы: **«Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК.**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасқан жері: **Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы. Географиялық координаттары: 43°35′19″ с. е. 52°05′58″ ш. б.**
*(белгіленген қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)*

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: **Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жетібай ауылы.**
*(белгіленген қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына ықпал етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік–аумақтық бірліктердің тізбесі).*

6. Бастамашының деректемелері және байланыс деректері: **«ARK Petroleum» ЖШС, БСН: 230640023433, Алматы қ., Алмалы ауданы, Сейфуллин даңғылы, 498-үй, 309-кеңсе.**
*(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары)*

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: **ЖК «А.В. Драган», Ақтау қ., тел: 8701 457-68-33.**
*(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстері, электрондық пошталары, сайттары)*

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): **2025 жылдың 12 қаңтар күні сағат 11:00-де Жетібай ауылы, Мәдениет үйінің ғимараты және онлайн форматта ZOOM платформасында бейнеконференция форматында келесі сілтеме бойынша**
https://us05web.zoom.us/j/83375425154?pwd=Frl9MbPYRVnx7nf4YXs7F894nqZKKp.1
Конференция идентификаторы: 833 7542 5154.
Кіру коды: ARK123456
*(қатысушыларды тіркеудің басталу күні, уақыты, қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты, тыңдаудың толық және нақты мекен-жайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылған жағдайда барлық күндері көрсетіледі)*

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **Қосымшада берілген.**

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:
1) бірыңғай экологиялық порталда, **https://hearings.ndbecology.gov.kz**

2) жергілікті атқарушы органның (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: **https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau**
*(атауы және ресми интернет–ресурстарға сілтемелер және жарияланған күні)*

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бар аумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік - аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле- немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

**1. Газета: Қарақия, №49 (1282) 4 желтоқсан 2025 жыл (қосымшада)**

*(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)*

**2. «ASTANA TV» телеканалы, 4 желтоқсан 2025 жыл э/с №106 (қосымшада)**

*(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)*

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Жетібай ауылы Мәдениет үйінің ғимараты мекенжайы бойынша 1 (бір)** дана хабарландыру.
Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі.

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:
**Қоғамдық тыңдау хатшысы болып «ARK Petroleum» ЖШС экологы – Бакитжанова Гульдана Танатаровна сайланды (хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" – 12, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 0)**
Регламент: Қоғамдық тыңдауға қатысушыларды тіркеу – 10 минут. Келісілген уақытта қоғамдық тыңдаудың ашылуы (төрағаның сөзі, хатшыны тағайындау) – 5 минут. Баяндамашының сөз сөйлеуі – 15 минут. Баяндаманы талқылау (сұрақ-жауап). Баяндама бойынша қоғамдық тыңдауға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары тыңдалады. Баяндамашылар өз кезегінде қоғамдық тыңдауға қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстарына жауап береді. Ұсынылатын регламент – 20 минут.
Қоғамдық тыңдауларды қорытындылау және жабу. Ұсынылатын регламент – 5 минут.
**(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес" – 12, "қарсы" - 0, "қалыс қалды" - 0)**

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:
**Баяндамашы ЖК «А.В. Драган» өкілі – Желенова Ш. Е.**
*(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)*

**Жоба бойынша Презентация (15 бет) және баяндама қосымшада ұсынылды.**
*(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)*
Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттар бойынша баяндама мәтіндері осы қоғамдық тыңдау хаттамасына қоса беріледі.

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі. **Қосымшада берілген.**

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар: **Ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.**
*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, ұсынылатын ұйымның атауы, пікірлер мен ұсынымдар)*

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы: «**Жетібай ауылы әкімінің аппараты» ММ бас маманы – Джаликов Самат Идгаевич**
*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)*

Қолы ____________ Күні: « 12 » қаңтар 2026 ж.

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы: **«ARK Petroleum» ЖШС экологы – Бакитжанова Гульдана Танатаровна**
*(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)*

Қолы ____________ Күні: « 12 » қаңтар 2026 ж.

**Қоғамдық тыңдауларды өткізуге дейін және өткізу кезінде алынған ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

| р/с № | Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы) | Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ") |
|---|---|---|---|
| | | | |

Қоғамдық тыңдауға қатысушылар тарапынан ескертулер мен ұсыныстар болған жоқ.

## Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың тіркеу парағы

**Жетібай Ауылы**

**2026 жыл 12 қаңтар уақыты сағат 11:00**

| № р/с | Қатысушының аты-жөні | Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы) | Байланыс телефон нөмірі | Қатысу форматы (жеке немесе конференц-байланыс арқылы) | Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Жешенова Ш.Е. | бастамашы | 87781388739 | жеке | |
| 2 | Джашков С.И | ауыл әкімдігі | 87738156543 | жеке | |
| 3 | Джанаева А.Д | ауыл тұрғыны | 87713209248 | жеке | |
| 4 | Нурманова Ж.А. | ауыл тұрғыны | 87022013953 | жеке | |
| 5 | Сәрсенова А. | ауыл тұрғыны | 87021810592 | жеке | |
| 6 | Джанабергенова Г | ауыл тұрғыны | 77754211582 | жеке | |
| 7 | Нуртамбай Ж | ауыл тұрғыны | 87054078395 | жеке | |
| 8 | Алтай Жайна | ауыл тұрғыны | 87023694747 | жеке | |
| 9 | Нишанай А | ауыл тұрғыны | 87755573731 | жеке | |
| 10 | Жумагалиев А.А. | ауыл тұрғыны | 87754888879 | жеке | |
| 11 | Утепов Г.Д | мекеме өкілі | 87058821122 | жеке | |
| 12 | Бактжанова Г.Б. | Эколог | 8/705/7844560 | жеке | |
| 13 | Базарбай С.С. | МО ПР және ПОРБ | 87781139897 | онлайн зум | |
| 14 | Айжігітова Ж. | МО бөлім ЭД | 87755408677 | онлайн зум | — |
| 15 | | | | | |
| 16 | | | | | |

ТОО «ARK Petroleum»
БИН: 230640023433
Республика Казахстан, 050043, г.Алматы,
Бостандыкский район, мкр.Мирас, д.2/22
Телефон +7(727) 355 09 61
Info@ark-petroleum.kz

Шығыс № 97
03.12.2025ж.

**Жетібай ауылы әкімі**
**уақытша міндетін атқарушы**
**А.Л. Бекжановаға**

**Құрметті Ақмаржан Лесбайқызы!**

«ARK Petroleum» ЖШС-і 2026 жылы 12 қаңтар сағат 11:00-де, Жетібай ауылы, Мәдениет үйінің ғимаратында келесі жобалар бойынша қоғамдық өткізетінін хабарлайды:

- 2026 жылға арналған «Атмосфералық ауаға ластаушы заттардың РЕШН жобасы»,
- 2026 жылға арналған «Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы»,
- 2026 жылға арналған «Қалдықтарды басқару бағдарламасы»,
- 2026 жылға арналған «Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары».

Өткізу күні мен уақыты Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасымен келісілді.

Осы мақсатта Сіздің тарапыңыздан осы аталған шараны өткізуге ат салысуыңызды және төраға етуге жауапты маман тағайындауыңызды сұраймыз.

Құрметпен,

**«ARK Petroleum» ЖШС-нің**
**Бас директоры** **Ж.А.Асылхан**

*Орындаушы:*
*Бакитжанова Г.Т.*
*Эколог 8 705 78 44 360*

gazeta_karakia@mail.ru

Аудандық қоғамдық-саяси газеті

# Қарақия

№49 (1282) 4 желтоқсан 2025 жыл

ГАЗЕТ ӘР АПТАНЫҢ БЕЙСЕНБІ КҮНІ ШЫҒАДЫ

газет 1985 жылдың
1 шілдесінен шыға бастады

АУЫЛ ӘКІМІ

## ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

БОСТАН АУЫЛЫНЫҢ ӘКІМІ ШАТТЫҚ АСАНОВ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ ГРАМОТАСЫМЕН МАРАПАТТАЛДЫ.



Шаттық Асанов өзіне жүктелген міндеттерді жоғары жауапкершілікпен атқарып, ұйымдастырушылық қабілетімен, кәсіби біліктілігімен ерекшеленеді. Әкім ауыл тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, инфрақұрылымды дамытуға, ауыл шаруашылығын ілгерілетуге, сондай-ақ жастар мен зейнеткерлерге қолдау көрсетуге белсенді еңбек сіңіріп келеді.

Шаттық Асанов ашықтық пен әділеттілік қағидаларын ұстанып, халықпен тығыз байланыста жұмыс істеу арқылы ауыл тұрғындарының сеніміне ие болды. Оның бастамалары мен жанашырлығының арқасында Бостан ауылы соңғы жылдары жаңа белестерге көтерілді.

Әкім қызметіне тағайындалғаннан кейін Бостан ауылында инфрақұрылымды жаңғырту, жолдарды жөндеу, ауыз су жүйесін қалпына келтіру, ауыл ішін жарықтандыру және абаттандыру сияқты маңызды мәселелер кезең-кезеңімен шешіліп, нақты нәтижелерге қол жеткізді.

## ҮЗДІК ӘКІМ ҮНДЕУ ЖАРИЯЛАДЫ

28 ҚАРАША КҮНІ АСТАНАДА ӨТКЕН АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫМЕН КЕЗДЕСУІ – АУЫЛДЫҚ АЙМАҚТАРДЫҢ ДАМУЫНА ЖАҢА СЕРПІН БЕРЕТІН АЙТУЛЫ ОҚИҒА БОЛДЫ. БҰЛ ЖИЫНДА ЕЛІМІЗДІҢ ӘР ӨҢІРІНДЕГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖАН-ЖАҚТЫ КӨТЕРІЛІП, АУЫЛДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУГЕ ҚАТЫСТЫ НАҚТЫ ПІКІРЛЕР МЕН ҰСЫНЫСТАР АЙТЫЛДЫ.

Қазіргі таңда ауыл әкімдерінің құзыретін кеңейту, қаржыландыру тетіктерін күшейту, инфрақұрылымды жаңарту және әлеуметтік жағдайды жақсарту – шешімін күтетін басты бағыттардың бірі. Президенттің ауыл әкімдерімен тікелей жүздесуі осы мәселелерді нақты талқылауға мүмкіндік берді.

Бұл жиын ауылдарды кешенді түрде дамыту қажеттігін тағы да дәлелдеді. Сондықтан алдағы уақытта да осы бағыттағы бастамаларды қолдап, ұсыныстарымды жеткізіп, атқарылатын жұмыстарға белсенді қатысуды жалғастырамын.

Ең бастысы – қабылданған шешімдер ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартып, мемлекет пен азаматтар арасындағы байланысты одан әрі нығайтуға бағытталғанына сенім мол.

**Оразғали КИІКБАЙҰЛЫ,**
**Құланды ауылының әкімі.**



АГРАРЛЫҚ СЕКТОРДЫ ӘРТАРАПТАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ТҰРҒЫНДАРДЫ ТҰРАҚТЫ ӨНІММЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАҒЫТЫНДА АУДАНДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗІЛУДЕ. 2025 ЖЫЛЫ АУДАН КӨЛЕМІНДЕ 25 ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ НЫСАНЫ АШЫҚ ТОПЫРАҚТА 165 ГЕКТАР ЖЕРГЕ ӨНІМ ЕГІП, СОНДАЙ-АҚ ЖАЛПЫ АУДАНЫ 2 ГЕКТАРДЫ ҚҰРАЙТЫН 8 ЖЫЛЫЖАЙ КЕШЕНІНДЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ДАҚЫЛДАРЫ ӨСІРІЛДІ.

## ЕГІН ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕКПІНДІ





Нәтижесінде жыл қорытындысы бойынша шамамен 3 мың тонна өнім жиналды. Сонымен қатар, минералды тыңайтқыштарды қолдану және ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту мақсатында 6 шаруа қожалығы жалпы мөлшері 7,5 млн. теңге мемлекеттік субсидия алды. Бұл қолдау шаруалардың өндірістік қуатын арттырып, өнімділікті көтеруге мүмкіндік берді.

«Ауыл аманаты» жобасы аясында биыл «Каспий» ӘӘК-не екі кооператив құру жобалары мақұлданып, бұл бастамалар ауылдық аймақтардың экономикалық әлеуетін нығайтуға бағытталды.

Инфрақұрылымдық жұмыстар да қарқынды жүргізілуде. Қызылқұм аймағында 26,1 шақырым газ құбыры тартылып, жылыжайларды кеңейту және егін көлемін арттыруға мүмкіндік туды. Сонымен қатар, көпжылдық дақылдарды дамыту шеңберінде 3 мың түп зәйтүн ағашы егілді. Болашақта бұл көрсеткішті 1 миллион түпке жеткізу жоспарланған. Осы мақсатта «Қосашы» аумағынан 15 мың гектар жер телімі бөлініп, құдық қазу жұмыстары жүргізілуде.

Қарақия ауданы соңғы жылдары ауыл шаруашылығы саласында елеулі өсім көрсетіп, өңір экономикасының маңызды драйверіне айналды. Инфрақұрылымның дамуы, мемлекеттік қолдау шаралары және жаңа жобалардың іске асуы ауданның аграрлық әлеуетін айтарлықтай арттырды.

## АУДАН АУЫЗ СУДАН ТАРЫҚПАЙДЫ

ҚҰРЫҚ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫН САПАЛЫ ӘРІ ҮЗДІКСІЗ АУЫЗ СУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ БАҒЫТЫНДА ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР АТҚАРЫЛЫП КЕЛЕДІ. БҮГІНДЕ КӨЛЕМІ 2000 ТЕКШЕ МЕТРЛІК ЕКІ СУ РЕЗЕРВУАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛІП ЖАТЫР.



Аталған нысандар іске қосылғаннан кейін ауылдағы ауыз су жүйесінің тұрақтылығы артып, су берудің үздіксіздігі қамтамасыз етілмек. Құрылыс жұмыстарының барысымен танысу мақсатында Қарақия ауданы әкімінің орынбасары, тиісті бөлім басшылары нысандарды аралап, жұмыстардың орындалу сапасын тексерді.

Делегация құрылыс қарқынын, мердігер мекеменің жұмыс кестесін және техникалық талаптардың сақталу деңгейін бағалады.

Сонымен қатар жұмыс тобы ауылдағы ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқан көпқабатты тұрғын үйлерді де аралап, олардың жалпы жағдайымен танысты. Айта кетейік, жүзеге асырылып жатқан жобалар Құрық ауылының инфрақұрылымдық дамуына оң әсер етіп, ауыз су мәселесін кезең-кезеңімен толық шешуге мүмкіндік берері

## МАЛ АЗЫҒЫН ЖЕТКІЗІП БЕРДІ

ҚҰЛАНДЫ АУЫЛЫНДА МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСАТЫН ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ШЫҒЫНДАРЫН АЗАЙТУ МАҚСАТЫНДА ТИІМДІ БАҒАДАҒЫ ЖЕМ ЖЕТКІЗУ ШАРАСЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.

Аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі мен Құланды ауылдық әкімдігінің ұйымдастыруымен Бейнеу астық терминалынан 22 тонна комбикорм (бидай, арпа, сұлы қоспасы) ауылға жеткізілді.

Жем ауыл тұрғындарына 1келісі – 120 теңгеден қолжетімді бағамен сатылды. Бұл шара мал шаруашылығымен айналысатын азаматтардың сұранысын қанағаттандырып, қыс мезгілінде жем қорын толықтыруға мүмкіндік берді.



– Ауыл тұрғындары қыстан қысылмай шығу үшін, ең алдымен мал азығын қамдап алу керек.Міне, тиімді бағамен жем-шөп алып жатырмыз. Алдағы уақытта да тұрғындарды қолдауға бағытталған осындай шаралар жүйелі түрде жалғасын тауып, тұрғындарға тұрақты түрде қолжетімді бағамен жем-шөп жеткізу жұмыстары жүргізіледі деп сенеміз, - дейді ауыл тұрғындары.

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ СЕНІМ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕ ЕРЕКШЕ РӨЛ АТҚАРАДЫ. ОЛ ҚОҒАМНЫҢ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ МҮДДЕЛЕРДІ ЕҢ ҮЗДІК ЖӘНЕ ТИІМДІ ТӘСІЛМЕН ҚАНАҒАТТАНДЫРУДЫ БІЛДІРЕДІ.



Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзіне асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Бұл арада, мемлекеттік қызметтің миссиясын, мемлекеттік қызметшілердің ерекше құқықтық мәртебесін, олардың алдына қойылған міндеттердің өзіндік ерекшелігін ескере отырып, мемлекет азаматтар үшін, кандидаттарға қойылатын талаптарды және тиісті шектеулерді қоса алғанда, мемлекеттік қызметке кіру және оны өткеру қағидаларын айқындауға құқылы.

Аталған мәселелер мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық сенімін және берілген өкілеттіктердің теріс пайдаланылуына жол бермеуді қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты болуы мүмкін.

Осыған орай, 2025 жылдың 10 қаңтарында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңның 16-бабына Конституцияға сәйкес келмейтін деп танылған бірқатар заңнама нормаларына өзгертулер енгізді.

Аталған өзгертулерге сәйкес азаматтардың мемлекеттік қызметке кіру кезінде келесі мерзімдерге шектеулер көзделетін болады:

1 жыл – Қазақстан Республикасы заңдарымен көзделген шектеулерді немесе қызметтік әдеп нормаларын сақтамағаны үшін жұмыстан шығарылған тұлғалар үшін;

2 жыл – мемлекеттік қызметке кір келтірген тәртіптік теріс қылық үшін жұмыстан шығарылған тұлғаларға (бұрын заңнамада өмір бойынша шектеу көзделген);

3 жыл – мемлекеттік қызметке кірер алдындағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған немесе қылмыстық теріс қылық жасаған тұлғаларға;

5 жыл – онша ауыр емес қылмыстар жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған немесе өзіне қатысты қылмыстық жауаптылықтан ақталмайтын негіздер бойынша босатылған тұлғаларға (аталған мәселе бойынша бұрын 3 жыл мерзім көрсетілген);

8 жыл – ауырлығы орташа қылмыстар жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған немесе өзіне қатысты қылмыстық жауаптылықтан ақталмайтын негіздер бойынша босатылған тұлғаларға мемлекеттік қызметке кіруге шектеулер көзделген (аталған мәселе бойынша бұрын 3 жыл мерзім көзделген).

Басшылық мемлекеттік лауазымға орналасу үшін жоғарыда көрсетілген шектеулердің мерзімі үш жылға ұлғайтылады.

Бұл ретте жеке адамға, отбасына және кәмелетке толмағандарға, конституциялық құрылыс негіздеріне және мемлекет қауіпсіздігіне, меншікке, коммерциялық және өзге де ұйымдардағы қызмет мүдделеріне, экономикалық қызмет саласында және тағы да басқа ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталғандығы бар немесе болған немесе қылмыстық жауаптылықтан ақталмайтын негіздер бойынша босатылған азаматтар, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық, ауыр және аса ауыр, сондай-ақ қылмыстық топ құрамында қылмыс жасаған тұлғалар үшін мемлекеттік қызметке кірмеу бойынша өмір бойына шектеулер көзделген.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшінің басқа мемлекеттік лауазымға орналасуы кезінде, оның бұрынғы жұмысында жасаған тәртіптік теріс қылығы үшін тәртіптік жауапкершілігін қарау мүмкіндігі енгізілді.

Көрсетілген өзгертулер мемлекеттік қызмет туралы заңнаманы жетілдіруге және халықтың мемлекеттік қызметке деген сенімін нығайтуға бағытталған.

**Т. ЖҰМАҒҰЛОВ,**
**Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.**

■ ҚОРШАҒАН ОРТА

# ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ШЫҒАРУҒА
## АРНАЛҒАН САНИТАРИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР



ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАР – БҰЛ ТҰТЫНУШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ЖОҒАЛТҚАН, ОДАН ӘРІ ПАЙДАЛАНУҒА ЖАТПАЙТЫН ТАМАҚ ӨНІМДЕРІ, ТҰРМЫСТЫҚ ЗАТТАР НЕМЕСЕ ТАУАРЛАР.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға арналған контейнерлердің толып кетуі және жағымсыз иістердің пайда болуы жұқпалы және басқа аурулардың пайда болуына, кеміргіштер мен шыбын-шіркейлердің көбеюіне әкеп соғады Қоқыстар жиналған кезде атмосфераға өте көп улы заттар бөлініп, тыныс жүйесі аурулары мен репродуктивті және иммундық жүйелердің ауытқуларына әкеліп соғуы мүмкін. Мұндай жағымсыз әсердің алдын алу мақсатында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар бар.

Қатты тұрмыстық қалдықтарға қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің м.а 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №ҚР ДСМ-331/2020 «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға , тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» бұйрығында көрсетілген.

ҚТҚ-ны шығаруға қойылатын негізгі санитариялық-эпидемиологиялық талаптар:

– Елді мекендер аумағында қалдықтарды жинау, пайдалану, қолдану, залалсыздандыру, тасымалдау, сақтау және көмуді мамандандырылған ұйымдар жүзеге асырады.

Шағын елді мекендерде қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, шығару және көму орындарын күтіп-ұстау бойынша мамандандырылған ұйымдар болмаған жағдайда жергілікті атқарушы орган қызметінің бақылауымен және қызмет көрсетуімен қалдықтарды өз бетімен шығаратын орындар ұйымдастырылады;

– Елді мекендерде (тұрғын үй қорының, ұйымдардың, мәдени-бұқаралық мекемелердің, демалыс аймақтары аумақтарында) көлік кіретін жерлері бар, қалдықтарды жинауға арналған контейнерлерді орналастыру үшін арнайы алаңдар бөлінеді. Алаңға қатты жабын жабылады және үш жағынан қалдықтардың желмен таралу мүмкіндігін болдырмайтын биіктікте, бірақ кемінде 1,5 м биіктікте қоршайды;

– Контейнерлер қақпақтармен жабдықталады, тұрғын және қоғамдық ғимараттардан, балалар объектілерінен, спорт алаңдарынан және халықтың демалыс орындарынан кемінде 25 м қашықтықта орналастырады. Қалыптасқан құрылыс салынатын аудандарда санитариялық ажырауларды сақтау мүмкіндігі болмаған кезде қашықтықтар жергілікті атқарушы органдардың, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның аумақтық бөлімшелерінің, объектілердің меншік иелерінің және басқа да мүдделі тұлғалардың қатысуымен комиссиялық түрде белгіленеді;

– Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау үшін абаттандырылған тұрғын үй қорында контейнерлерді қолданады, жеке үй иеліктерінде қақпағы бар еркін конструкциядағы ыдыстарды пайдалануға жол беріледі;

– Контейнерлерде қалдықтарды сақтау мерзімі 0 оС және одан төмен температурада үш тәуліктен, температура плюс болғанда бір тәуліктен аспайды;

– Контейнерлік алаңдарды және контейнерлерді пайдаланатын және оларға қызмет көрсететін ұйымдар: контейнерлік алаңдарды, контейнерлерді және оған іргелес аумақтарды тиісті санитариялық күтіп-ұстауды қамтамасыз етеді; оларға уақытылы жөндеу жүргізеді және одан әрі пайдалануға жарамсыз контейнерлерді ауыстырады; қоқыс қабылдайтын камералардың, алаңдардың, сондай-ақ қалдық жинағыштардың тұрақты жуылуын, дезинфекциялануын, шыбындарға, кеміргіштерге қарсы дезинсекциялануын, дератизациялануын қамтамасыз ету бойынша шараларды қабылдайды;

– Контейнерлерден қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын мамандандырылған көлікке тиеу кезінде шашылып қалған қоқыстарды жинауды оларды шығаратын ұйымның жұмыскерлері жүргізеді. Сонымен қатар тұрмыстық қалдықтарды тастайтын полигондардан санитариялық –эпидемиологиялық қорытынды алуға тиіс.

Себебі Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексінің (бұдан әрі – кодекс) 19-бабы 1-тармақ, 1-тармақшасына сәйкес эпидемиялық мәні жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды Денсаулық сақтау саласында рұқсат беру құжаттары болып табылады делінген.

Санитариялық талаптарды сақтаудың халық үшін маңызы:

– тұрмыстық қалдықтардан тарайтын жағымсыз иістерді азайтады;

– инфекциялық аурулардың алдын алады;

– аула мен көше тазалығын қамтамасыз етеді;

– балалардың, карттардың және жалпы халықтың денсаулығын қорғайды.

Тұрмыстық қалдықтарды басқару – тек коммуналдық  қызметкердің ғана емес, әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі. Қоршаған ортаның тазалығы – өз қолымызда.

**М.ИКАЕВА,**
**Қарақия аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының у.м/а**



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАР

# ҮЛГІ БОЛҒАН ҮЗДІК ПЕДАГОГ

БҮГІНГІ ТАҢДА МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫБЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТЕРДІҢ РӨЛІ ЕРЕКШЕ МАҢЫЗҒА ИЕ. БАЛАНЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ҚАЛЫПТАСУЫ, ТАНЫМДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ, ӘЛЕУМЕТТІК ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУІ ДӘЛ ОСЫ КЕЗЕҢДЕ БАСТАЛАДЫ.



Осы орайда жақында Қарақия ауданы бойынша білім бөлімінің жұмыс жоспарына сәйкес  мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастырудың жаңа, заманауи тәсілдерін іске асыру үшін үздік педагогикалық тәжірибені анықтау және тарату мақсатында «Мектепке дейінгі ұйымның үздік педагогі» байқауы өтті. Сайысқа аудан мектептерінің мектепалды сынып тәрбиешілері қатысты. Педагогтер бірінші кезеңде «Е портфолио» дайындады. ІІ турда ашық ұйымдастырылған іс-әрекет көрсетті.

Қатысушылар арасында ерекше көзге түсіп, үздік нәтиже көрсеткен, жаңашыл көзқарасымен және балалармен тіл табысудағы шеберлігімен танылған №8 мектептің мектепалды сынып тәрбиешісі Балмаганбетова Ақтоты Асубайқызы бас жүлдені жеңіп алды.  Ал І орынды №7 мектептің мектепалды сынып тәрбиешісі Молдасынова Райгүл Сейітқызы, ІІ орынды З.Бекарыстанұлы атындағы №3 мектептің мектепалды сынып тәрбиешісі Туркбенбаева Салиха Сәттіғұлқызы және №5 мектептің мектепалды сынып тәрбиешісі Мырзахметова Жанна Мухтарқызы, ІІІ орынды З.Бекарыстанұлы атындағы №3 мектептің мектепалды сынып тәрбиешісі Іздібай Маржан Даңатарқызы қанжығаларына салды. Облыстық сайысқа жолдама алған Актоты Асубайқызына сәттілік тілейміз.

Мектепалды сынып үздік педагогі сайысы –  әрбір ұстаз үшін үлкен мәртебе ғана емес, сонымен қатар алдағы кәсіби ізденістерге тың серпін беретін маңызды дода. Бұл сайыс педагогтердің тәжірибе алмасуына, жаңа идеялармен бөлісуіне, және білім беру сапасын арттыруға зор ықпал етеді.

Жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін аянбай қызмет етіп жүрген барлық педагогтердің еңбегі – өлшеусіз, абыройы – мәңгілік.

**Алтынай ТОКТАГАНОВА,**
**№9 бастауыш мектеп мұғалімі,**
**Жетібай ауылы.**

БАЛАБАҚШАДАҒЫ ТЕАТРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚОЙЫЛЫМДАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІН, ҚИМЫЛ-ӘРЕКЕТІН, ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ДАМЫТУДА МАҢЫЗДЫ ОРЫН АЛАДЫ. СОЛАРДЫҢ БІРІ — ОРЫС ХАЛЫҚ АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ КЕҢ ТАРАҒАН «ҮЙШІК» ЕРТЕГІСІ. БҰЛ ЕРТЕГІНІ ПЕДАГОГТЕР ӨЗДЕРІ ҚОЙЫП КӨРСЕТУ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ОЯТЫП, КЕЙІПКЕРЛЕРДІҢ ӘРЕКЕТІН ТҮСІНІП, ОҚИҒАНЫ ҚАБЫЛДАУЫН ЖЕҢІЛДЕТЕДІ. ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ ОРЫНДАУЫНДАҒЫ ҚОЙЫЛЫМ – БАЛАНЫҢ ҚИЯЛЫН ДАМЫТАТЫН, ЕРТЕГІНІ ТЕРЕҢІРЕК ТҮСІНУГЕ МҮМКІНДІК БЕРЕТІН ТИІМДІ ӘДІС.

# «ҮЙШІК» – ҮЗДІК ҚОЙЫЛЫМ

«Үйшік» ертегісі — достық, ұйымшылдық, бір-біріне қамқор болу сияқты ізгі қасиеттерге тәрбиелейтін танымдық туынды. Педагогтер дайындаған үлгілі қойылым барысында әр кейіпкердің мінез-құлқы айқын ашылып, оқиға желісі нақты, әсерлі түрде беріледі. Бұл балаларға ертегіні тек тыңдау емес, көзбен көру, сезіну арқылы қабылдауға жол ашады. Қойылым бастан-аяқ кәсіби деңгейде ұйымдастырылып, педагогтер өз рөлдерін еркін, көркем тілмен жеткізді. Тышқан, бақа, қоян, түлкі, қасқыр, аю сияқты кейіпкерлердің өзіндік қимылдары, дауыс ырғақтары мен мимикасы балаларға ерекше әсер қалдырды. Әрбір педагог рөлін балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып орындауы – қойылымның тәрбиелік құндылығын арттыра түсті.

Педагогтердің қойылым барысында қолданған көрнекіліктері — үйшік макеті, кейіпкерлердің костюмдері, дыбыс эффектілері — оқиғаның қызықты әрі жеңіл қабылдануына ықпал етті. Балалар кейіпкерлердің бір-біріне көмектесуіне, бір үйге сыйысып, тату-тәтті өмір сүруіне қарап, достық пен ынтымақтастықтың маңызын сезінді. Сонымен қатар, қойылым кезінде балалардың сөйлеу белсенділігі артты: олар кейіпкерлерді атады, оқиғаның қалай жалғасатынын болжап отырды, жағымды және жағымсыз мінездерді ажыратуды үйренді. Педагогтер қойған қойылым  балалардың көз алдына анық елестететін, эмоционалды әсері жоғары, педагогикалық тұрғыдан дұрыс жеткізілген туынды болды

«Үйшік» ертегісін педагогтердің кәсіби түрде қоюы – балаларға ертегіні терең түсіндіріп, тәрбиелік мәнін жеткізудің тиімді әдісі. Бұл қойылым барысында балалар достық, ұйымшылдық, сыпайылық, мейірімділік сияқты адами құндылықтарды меңгерді. Театрландырылған әрекет балалардың тілін, ой-өрісін, қиялын дамытып, оқу іс-әрекетіне деген қызығушылығын арттырды. Педагогтердің үлгілі қойылымы балабақша өмірінде маңызды рөл атқарып, балаларға әсерлі, мазмұнды тәрбие берудің жарқын үлгісі болды. Педагогтердің ізденісі мен бірлескен еңбегінің арқасында «Үйшік» ертегісі жарқын, көңілді және тәрбиелік мәні зор деңгейде өтті.




**Жаңылсын ШАХАНОВА,**
**қазақ тілі пәнінің мұғалімі.**

# ДЕНСАУЛЫҚҚА БАСТАР ЖОЛ

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ – АДАМНЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫН НЫҒАЙТЫП ҚАНА ҚОЙМАЙ, ОНЫҢ ЕҢБЕК ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРЫП, ӨМІР САПАСЫН ЖАҚСАРТАТЫН МАҢЫЗДЫ БАҒЫТ.

Бүгінгі таңда дене белсенділігі– әрбір азаматтың өз денсаулығына жауапкершілікпен қарауының көрсеткіші болып табылады. Бөбекжайымызда салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында ересек топ тәрбиеленушілері «Күншуақ» тобы мен «Қызғалдақ» тобының қатысуымен кезекті спорттық сайыс өтті. Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, қатысушылардың белсенділігімен ерекшеленді. Сайыстың басты мақсаты – салауатты өмір салтын насихаттау, бірлік пен достықты нығайту, ұжымдағы бірлікті күшейту, дене шынықтыру мәдениетін қалыптастыру және ересектердің спортқа қызығушылығын арттыру.

Шараға қатысушылар бірнеше командаға бөлініп, өзара шапшаңдық, ептілік және төзімділік бойынша бақ сынасты. Әр кезең ерекше эмоция мен жоғары көңіл-күй сыйлады. «Жылдамдық», «Ептілік», «Кедергілер жолы», «Топтық эстафета» секілді ойындар көрерменнің зор қошеметіне ие болды. Командалар бір-біріне қолдау көрсетіп, шынайы командалық рух танытты. Сайыс барысында қатысушылардың ұйымшылдығы, өзара сыйластығы, спортқа деген қызығушылығы айқын көрінді.

«Күншуақ» тобы мен «Қызғалдақ» тобы аталған іс-шара арқылы ересек топқа дене шынықтырудың маңызын түсіндіріп қана қоймай, салауатты өмір салтын қалыптастырудың бір жолын көрсетті. Сайыс соңында жеңімпаздар арнайы марапатталды. Мұндай спорттық шаралар ұжымның бірлігін нығайтып, балаларға үлгі болары сөзсіз.

**Анаргүл НҰРЛЫБАЙ**
**«Ғарышкер» бөбекжайының дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушысы.**



■ ДАРЫНДЫ БАЛА

# «МЫҢНАН – ТҰЛПАР» АТАНҒАНДАР

АСТАНАДА АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН ЖАРАТЫЛЫСТАНУ МАТЕМАТИКАЛЫҚ БАҒЫТТАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ.



Қорытынды кезеңге еліміздің өңірлерінен 475 оқушы қатысып, олардың 200-і жеңімпаз және жүлдегер атанды. Дарынды балаларды қолдау –мемлекеттік білім саясатының басты басымдықтарының бірі екенін атапөткен Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту вице – министрі Майра Молдабекова «Мемлекет басшысы балалардың зияткерлік, шығармашылық әлеуетін ашуға, дарынды, талантты балаларды қолдауға ерекше назар аударады. Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған республикалық олимпиада осы мақсаттарға қол жеткізудегі маңызды қадамның бірі.

Интеллектуалдық сайыстарға қатысу терең білімді ғана емес, жоғары жауапкершілікті де талап етеді. Сіздер адал әрі тартысты бәсекеде өз білімдеріңізді дәлелдеп, үздік нәтижелерге қол жеткіздіңіздер», – деді марапаттау рәсімінде. Командалық есеп бойынша үздік нәтижеге қол жеткізген Маңғыстау облысының командасына Гран-при табысталды.

Аталған олимпиаданың аудандық, облыстық кезеңдерінен үздік нәтижеге қол жеткізген Қарақұдық мектебінің оқушылары республикалық адал әрі тартысты бәсекеде өз білімдерін дәлелдеп жұлдыздай жарқырады. Ауыл мектебінен алған білімдерін елорда төрінде шаршы топ алдында дәлелдеген оқушыларымыз қос алтынды қанжығаларына байлап жоғары жетістікке қол жеткізді.

Атап айтқанда: 11 сынып оқушысы Жадырасын Шаңытбай физика пәнінен 1- орын. Жетекшісі педагог- зерттеуші Гүлмаржан Жакупова, алғашқы ұстазы зейнеткер ұстаз Елеусіз Сәуірбаева, 9 сынып оқушысы Тұрсынбек Темірбай география пәнінен 1- орын. Жетекшісі педагог -зерттеуші Роза Бурабек , алғашқы ұстазы педагог- зерттеуші Жанаргүл Түлікбайқызы.

Оқушыларымыздың жетістігі – ұстаздарының еңбегі мен білім саласына көрсетіліп жатқан қолдаулардың жарқын көрінісі. Жеңімпаз оқушыларымыз бен жетекшілерді шын жүректен құттықтаймыз!, - дейді мектеп директоры.

**Жәния БЕСІМБАЕВА,**
**Қарақұдық мектебінің ардагер ұстазы.**

# ДЗЮДО ОҒАН ЕРІК-ЖІГЕР СЫЙЛАДЫ

ДЗЮДО - СПОРТ ЕМЕС, ТӘРБИЕ МЕН ТӘРТІПТІҢ ЖОЛЫ. БҰЛ ӨНЕРДЕ БАСТЫСЫ ҚАРСЫЛАСТЫ ҚҰЛАТУ ЕМЕС,ӨЗІҢДІ ЖЕҢУ. СПОРТ ӘЛЕМІНДЕ ӘРБІР ЖЕҢІСТІҢ АРТЫНДА ҮЛКЕН ЕҢБЕК, МАҢДАЙ ТЕР ЖӘНЕ ҚАЙСАРЛЫҚ ТҰРАДЫ. ОСЫ СПОРТ ТҮРІМЕН ӨЗ ТАЛАНТЫН ТАНЫТЫП, КӨПТІҢ ЫҚЫЛАСЫНА БӨЛЕНГЕН ҚАРАҚИЯ АУДАНЫ, ҚҰРЫҚ АУЫЛЫНЫҢ ДЗЮДО СПОРТШЫСЫ – АРУЖАН САРСЕНОВА. 2019 ЖЫЛДАН ДЗЮДО СПОРТЫМЕН ШҰҒЫЛДАНАДЫ. СОЛ УАҚЫТТАН БЕРІ ӘДІС - АМАЛДАРЫН ЖЕТІЛДІРІП, АЛАҢДА СЕНІМДІ



